

#ЖаңаҚазақстан

Біз конституциялық реформаның шешуші кезеңіне қадам бастық. Енді негізгі заңды өзгертуіміз керек. Шын мәнінде, мұның ел тағдыры үшін айрықша мәні бар. Ата Заң баптарының үштен бірі өзгереді. Ашығын айтсақ, Конституциямыз мүлде жаңа сипатқа ие болады. Сол себепті, мен республикалық референдум өткізу туралы бастама көтердім. Өйткені, мұндай ауқымды өзгеріс бүкіл халықтың шешімімен жүзеге асырылуға тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

#РЕФЕРЕНДУМ2022



ӨРЕКЕТ БАРДА
БЕРЕКЕТ БОЛАДЫ 4-5

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



ПЕРІШТЕЛЕР 12

#ЕКПЕАЛ

2022 жылғы 16 мамырдағы
мәлімет бойынша АЛМАТЫДА
I компонентпен

1 100 986

II компонентпен

1 083 035

адам вакцина салдырды

2022 жылғы 16 мамырдағы
мәлімет бойынша ҚАЗАҚСТАНДА
I компонентпен – **9 492 972** адам,
II компонентпен **9 262 898** адам
вакцина салдырды.
Ревакциналанғандар саны –
4 182 431

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

17.05.2022

Түнде:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

18.05.2022

Түнде:



+15+17 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+27+29 °C

Көшпелі бұлтты,
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №53 (6188) 17 мамыр, сейсенбі, 2022 жыл.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

КӨПЖАҚТЫ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

Қазақстан Президенті ҰҚШҰ-ның Мәскеуде өткен
мерейтойлық саммитіне қатысты



Қасым-Жомарт Тоқаев Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қол қойылғанына 30 жыл және Ұйымның құрылғанына 20 жыл толуына орай өткен ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық сессиясына қатысты.

2

БАСПАНА

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

тұрғын үй бағдарламасына
өтініштер қабылдау басталады



Кеше Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Алматы қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Ермек Әміров пен «Отбасы банкі» АҚ Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Данагүл Түсіпова бағдарламаға қатысу үшін барлық жағдай жасалғанын айтты.

2

ҚЫСҚА...

- Елімізде 571 мыңнан астам адам атаулы әлеуметтік көмек алды.
- Биыл «Алматы жастары» бағдарламасы аясында 1000 пәтер қолданысқа беріледі.
- Алматы–Ташкент пойызы қайта жүре бастады.
- «Қазақстан халқына» қоры тірек-қозғалыс аппаратында ақауы бар балаларды роботтандырылған құрылғылармен қамтамасыз ету бойынша қайырымдылық бағдарламасын іске қосты.
- Қазақстандық оқушылар халықаралық олимпиадада 8 медаль еншіледі.
- 4 пайыздық автотенесіні беретін 4 банк анықталды.

www.almaty-akshamy.kz



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың
Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесуі

2022 жылғы 19 мамыр, сағат 15.00

Кездесу Наурызбай ауданының «Қалқаман-2» шағынауданы, Талжанов көшесі, 1 Г мекенжайда орналасқан жалпы білім беретін №206 мектепте өтеді. Бұл – қала әкімінің тұрғындармен төртінші жүздесуі болмақ. Жыл соңына дейін барлығы 24, яғни әрбір 8 ауданның тұрғындарымен тоқсанына кемінде бір кездесу өткізу жоспарланған.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

КӨПЖАҚТЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ КӨКЖИЕГІ

Қазақстан Президенті ҰҚШҰ-ның Мәскеуде өткен мерейтойлық саммитіне қатысты



(Басы 1-бетте)

Мерейтойлық жиынға Қазақстан көшбасшысынан басқа Арменияның Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Кыргызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Ресей Президенті Влади-

мир Путин, сондай-ақ ҰҚШҰ-ның бас хатшысы Станислав Зась қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуге қатысқандарға ілтипат білдіріп, мерейтойлық сессияны ұйымдастырғаны үшін Ресей тарапына және Владимир Путинге жеке ризашылығын білдірді.

Қазақстан Президенті ҰҚШҰ-

ның 30 жыл ішінде одан әрі даму үшін зор әлеуеті бар көпжақты ынтымақтастықтың нақты механизмі ретінде қалыптасқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейбітшілік пен тұрақтылықты, халықаралық және аймақтық қауіпсіздікті сақтау, мүше мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен

егемендігін қорғау ҰҚШҰ-ның басты міндеті екенін айтты. Президент ҰҚШҰ-ның тұрақты жұмыс органдарының табысты қызметіне, әртүрлі форматтағы тығыз ынтымақтастықты, сондай-ақ Ұйымның күштік, құқық қорғау және бітімгершілік әлеуетін күшейту мәселесіне тоқталды.

Мемлекет басшысы сөйлеген

сөзінде халықаралық терроризм мен экстремизмге, заңсыз есірткі және қару-жарақ айналымына, көші-қонға, соның ішінде Ауғанстандағы ахуалдың өршуіне қарсы іс-қимыл мәселелеріне ерекше назар аударды.

– Ауғанстандағы жағдай, сондай-ақ осы елдің аумағындағы қарулы топтардың белсенді әрекеті мемлекеттеріміздің қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қатер төндіріп отыр. ҰҚШҰ барлық ықтимал қауіп-қатерлерді ескеріп, Орталық Азияның оңтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөлуі керек деп есептеймін, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ бітімгершілік күштерінің әлеуетін нығайту Ұйым қызметінің тағы бір өзекті міндеті екенін айтты.

– Біздің ойымызша, қазірдің өзінде ҰҚШҰ-ны БҰҰ-ның бітімгершілік қызметімен байланыстыру міндетін күн тәртібіне қою қажет. Бұл қадам Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымының субъект ретіндегі құқығын нығайтады. Сондай-ақ, Ұйымның бейбітшілікті сақтау жөніндегі халықаралық бітімгершілік операцияларға қатысу тәжірибесін қамтамасыз етеді, – деді Мемлекет басшысы.

Кездесу қорытындысы бойынша ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің мерейтойлық мәлімдемесін қабылдады. Содан кейін саммит қатысушылары жыны жұмысын таңғы ас форматында жалғастырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАСПАНА

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ»

тұрғын үй бағдарламасына өтініштер қабылдау басталады

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Алматыда 35 жасқа дейінгі жастарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 2022 жылғы 18 мамыр мен 1 маусым аралығында арнайы құрылған www.almaty-zhastary.kz сайты арқылы жеңілдіктер беруге өтініштер мен «Алматы жастары» жеңілдікті несиелендіру бағдарламасы бойынша тұрғын үй несиелеріне қатысты құжаттар қабылданады.

Алматы қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Ермек Әміровтің айтуынша, сайтта өтініштер мен құжаттарды қабылдау электронды цифрлық қолтаңба арқылы жүзеге асырылады. Автоматты балл қою үшін электронды калькулятор енгізілді. Сонымен қатар, сайттағы жеке кабинет арқылы берілген өтініштің күйін өз бетінше қарауға болады.

Өтініш қабылдау ағымдағы жылдың 1 маусым күні сағат 23.59-да аяқталады. Ал 2 маусымнан бастап барлық жіберілген өтініштер түсіріледі. Одан кейін 20 жұмыс күні ішінде келіп түскен өтініштердің бағдарлама талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Одан кейін әрбір санат бойынша жиналған ең жоғары ұпай саны бойынша тізім қалыптастырылады.

Спикерлер бағдарламаның бюджеті 18 млрд теңгеге дейін, ал несиенің ең жоғары сомасы 18 млн теңгеге дейін екенін атап өтті. Сыйақы мөлшерлемесі 5%, бастапқы жарнасы 10%. Бұл ретте негізгі

және қосалқы тұрғын үйді сатып алуға болады. Бағдарламамен барлығы 1000-ға жуық адамды қамту жоспарлануда.

18 млн теңгеден асатын пәтерді сатып алу қажет болған жағдайда, жетіспейтін соманы өзіңіз төлей аласыз.

ТАЛАП БАҒЛЫҒЫНА
БІРДЕЙ

Брифинг барысында Данагүл Түсіпова бағдарламаға қатысуға ниет білдірушілерге қойылатын негізгі талаптарға тоқталды.

Спикердің айтуынша, бағдарлама бойынша үй алуға ең бірінші қатысушының жасы 35 жасқа дейін (қоса алғанда) болуы керек.

Екіншіден, бағдарламаға өтініш берушінің және оның отбасы мүшелерінің меншік құқығында тұрғын үйі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында соңғы бес жыл ішінде тұрғын үй жағдайын әдейі нашарлату фактілері болмауы тиіс.

Үшіншіден, қатысушының Алматы қаласындағы ресми жұмыс өтілі келесі санаттар бойынша міндетті зейнетақы жарналары болған кезде соңғы алты айдан кем болмауы тиіс.

Төлем қабілеттілігін сәтті растаған қатысушылар 45 күнтізбелік күн ішінде бастапқы және қайталама нарықта тұрғын үйді дербес таңдауды жүзеге асырады.

Таңдалған тұрғын үйге құжаттар тұрғын үй замын беру мүмкіндігін қарастыру үшін «Отбасы Банкі» АҚ-на беріледі. «Отбасы Банкі» АҚ келісімін алғаннан кейін сатып алу-сату шартын және кепіл шартын ресімдеу және тіркеу жүзеге асырылады.

ҰЛТТЫҚ ЖОБА

Өткен жылы мегаполисте «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» жұмыс істеді. Ал биылдан бастап «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы» жүзеге асырылуда. Осы бағдарлама туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жұмыспен қамту орталығының директоры Диляра Иманқұлова егжей-тегжейлі айтып берді.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Спикердің айтуынша, аталған Ұлттық жобаны бірнеше бағыт бойынша іске асыру басталды. Бірінші бағыты – жұмыссыздарды кәсіптік оқыту. Осы бағыт аясында 1002 адамды 25 мамандық бойынша оқыту жоспарланған, оның ішінде жұмыс берушілердің сұранысы бойынша. Оқыту 1 мамырда басталды. Екінші бағыты жаңа бизнес-идеяларға гранттар ұсыну арқылы жаппай кәсіпкерлікті дамытуға қатысты. Оның аясында 950 грант беру жоспарлануда. Грант көлемі 400 АЕК-ке дейін немесе 1 225 200 теңгені құрайды. Бекітілген қағидаларға сәйкес үміткер business enbek порталына өз бетінше өтінім береді және деректерді тексергеннен, растағаннан кейін оны комиссияға шақырады. Ал үшінші бағыт халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу арқылы еңбек нарығын дамытуға арналған.

«Әлеуметтік жұмыс орындары 12 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын құруды көздейді. Онда жалақының бір

ҮЛКЕН ДЕ, ЖАС ТА
ЖҰМЫС ТАБАДЫ

бөлігін жұмыспен қамту орталығы өтейді (жалақының белгіленген мөлшерінің 35%-ы, бірақ 20 АЕК-тен аспайды, 2022 жылы өтемақы 61 260 теңгеден аспайды). 2022 жылы 980 адамды қамту жоспарланған, іс жүзінде 719 адам жіберілді», – деп атап өтті спикер.

Алматыда жастар мен зейнет жасына дейінгі қала тұрғындарын жұмыспен қамту бойынша да бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Күміс жас» және т.б. жобалар сәтті жалғасын табуда.

«Жастар практикасы» білім беру ұйымдарының 29 жастан асқан түлектері арасынан алған мамандығы бойынша жұмыс өтілі 12 айдан аспайтын жұмыссыздар үшін арнайы әзірленген. Жалақыны Жұмыспен қамту орталығы 30 айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде қаржыландырады. Алайда, Алматы қаласы бойынша бұл мөлшер 40 АЕК, 2022 жылы 122 520 теңге болып белгіленген. Биыл бұл бағытта 1000 адамды қамту жоспарланса, іс жүзінде 390 адам жіберілген.

Спикер 29 жасқа дейінгі жастарға, оның ішінде еңбек өтілі жоқ NEET санатындағы жастарға 18 айдан аспайтын мерзімге уақытша

жұмыс орындарын құруды көздейтін «Алғашқы жұмыс орны» жобасы туралы да тарқатты. Еңбекақы төлеуді Жұмыспен қамту орталығы кемінде 30 АЕК немесе 91 980 теңге көлемінде жүргізеді. Биыл бұл бағытта 424 адамды қамту жоспарланса, іс жүзінде 92 адам жіберілген.

Алматыда «Ұрпақтар келісім-шарты» жобасы жүзеге асырылуда. Ол 2 жыл ішінде оқуын аяқтаған, білім беру ұйымдарының жасы 29-дан аспаған түлектеріне 6 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын ашады. Жалақыны Жұмыспен қамту орталығы төлейді (кемінде 30 АЕК немесе 91 980 теңге). 2022 жылы 59 адамды қамту жоспарланса, іс жүзінде 30 адам жіберілді.

Алматылықтардың аға буынына келетін болсақ, олар үшін «Күміс жас» жобасы бар. Ол зейнет жасындағы жұмыссыздар үшін 12 айдан аспайтын мерзімге уақытша жұмыс орындарын құруды көздейді. Жалақының бір бөлігін Жұмыспен қамту орталығы өтейді (еңбекақыдан 50%, бірақ 30 АЕК-тен аспайды). 2022 жылы 633 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда, қазіргі уақытта жұмыс берушілер тізімі жасақталуда.

«Жұмыспен қамту орталығы өз жұмысында жұмыс берушілермен рекрутинг және максатты көзқарас қағидаты бойынша өзара әрекеттеседі. Қаладағы 1037 кәсіпорын бос жұмыс орындарын жұмыспен қамту орталығы арқылы электронды еңбек биржасы арқылы орналастырады, оның ішінде 566 кәсіпорында тұрақты бос жұмыс орындары бар. Бүгінгі күні жұмыс берушілер электронды еңбек биржасында 5135 бос жұмыс орнына 1590 хабарландыру орналастырған. Жыл басынан бері 11894 адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 3566 азамат тұрақты жұмыс, 8328 азамат уақытша жұмыс тапты», – деді Диляра Иманқұлова.

КЕРЕК ДЕРЕК

2021 жылғы 10 наурыз бен 31 наурыз аралығында қабылдау нәтижелері бойынша 9741 өтініш түскен. Оның ішінде салалар бойынша:

- денсаулық сақтау – 2614;
- білім – 3560;
- мәдениет – 348;
- спорт – 98;
- жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары – 1103;
- әлеуметтік сала – 715;
- БАҚ – 172;
- құқық қорғау органдарынан – 1131.

2022 жылдың 13 мамырына 2740 жолдама беріліп, 1019 жас отбасы баспаналы болды.



ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АРЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Биыл жалпы ұзындығы 376 шақырым болатын қаланың арық желісін салу және модернизациялау бойынша жоба әзірленді



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда жауын кезінде су басып қалатын орындарды болдырмауға бағытталған арық жүйесі мен су шаруашылығы нысандарын модернизациялаудың жоспары әзірленді.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен су басу мәселесін шешу мақсатында су шаруашылығы нысандарының техникалық жай-күйіне талдау жүргізілді. Бұл жұмыстың барысында қала аумағында үнемі су басатын 56 аймақ анықталды. Сонымен қатар, проблемалық аумақтардағы су басу мәселесін шешу үшін жұмыс істеп тұрған арық желілері мен коллекторларды өткізу қабілетін ұлғайта отырып қайта жаңарту және бірыңғай желіге қосуды ұйымдастыру қажеттілігі анықталды.

Өткен аптада 33,8 мм көлемде жаңбыр жауып, қаланың біршама бөлігін су басты. Толассыз жауған нөсер бұл мәселенің өзектілігін тағы бір рет дәлелдеді.

Қазіргі таңда арық желілерін Ұлықбек және Саин көшелерінің қиылысында орналасқан коллекторға шұғыл қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл өз кезегінде арық желісінің су өткізу қабілеттілігін ұлғайтып, төменгі аумақтарға кететін су ағынын азайтуға мүмкіндік береді. Арық жүйесін жаңғырту жұмыстары үнемі су басатын Төле би, Яссауи, Момышұлы көшесі мен Райымбек батыр даңғылында да жүргізіліп жатыр.



Қала аумағында жаңбыр және еріген қар суларын бұруға арналған 16 коллектор бар. Зерттеу көрсеткендей, олар несіз және қызмет көрсетілмеген, қокысқа толып, бітелген немесе бұзылған болып табылады. Коллекторлардың жалпы санының 12-сі арық желілеріне қосылмаған. Алатау ауданында 2013 жылдан 2018 жылға дейін салынған 4 коллектор ғана арық желілерімен қосылған және жұмыс істейді.

Биыл жалпы ұзындығы 376 шақырым болатын қаланың арық желісін салу және модернизациялау бойынша жоба әзірленді (батыс бөлігі – Алатау, Наурызбай, Әуезов аудандары, орталық бөлігі – Жетісу, Бостандық, Алмалы аудандары, шығыс бөлігі – Медеу, Түркісіб аудандары).

Жобада қолданыстағы арық желілерін реконструкциялау, жаңа арықтардың нүктелі құрылысын жүргізу қарастырылған. Алайда, осы желілерді жасыл желектерді суаруға пайдалану көзделмеген, жаңбыр және еріген суларды қолданыстағы коллекторларға бұру ескерілмеген, бұл жекелеген аумақтардың судың астына қалуына әкеп соғады.

Сондықтан қолданыстағы арық желілері мен коллекторлардың өткізу қабілетін ұлғайта отырып, оларды реконструкциялау және құрылыс жұмыстарын тоқтатпай бірыңғай желіге қосуды ұйымдастыруды ескере отырып, жобаға түзету енгізіледі. Бұл жасыл желектерді суаруға және су басу қаупінің алдын алуға мүмкіндік береді.

Бүгінде қаланың батыс бөлігінде ұзындығы 119 шақырым арық желілерін салу және реконструкциялау бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Оның орындалу мерзімі 2021–2023 жылдарға белгіленіп отыр.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Өрттен аман, судан сақ болыңыз!



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматылықтар жазға қарай тынығудың, қаладағы күйкі тірліктен алшақтау жүрудің жолдарын іздейді. Табиғаты тамаша аймақтар мен ауа райы салқын мекендерге саяхат жасап, демалғысы келеді.

Мобильді топ іске кірісті

Алдағы күндері отбасымен, ұжыммен бірге көкке шығып, демалатын топтар көбейеді. Осыны ескерсе керек, мегаполисте демалыс және мереке күндері таулы-орманды жерлерде өрт қаупінің алдын алу үшін Төтенше жағдайлар департаменті Табиғатты қорғау полициясы және Іле Алатауы МҮТП қызметкерлерінен тұратын мобильді топ жұмыс істеуге көшкен.

– Мобильді топ тұрғындардың жаппай демалу кезіндегі орындарын күзетеді. Онда отты абайсыз пайдалану салдарынан өрт туындауы мүмкін, – деп хабарлайды ведомстводан.

ТЖД баспасөз қызметінің мәліметінше, 23 сәуірден бастап 45 бірлескен рейд жүргізілген. Іс-шара барысында 10 мыңға жуық жадынама таратылған. Одан бөлек, тау бөктерлерінде от жағудың 39 фактісі анықталып, 21 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Олардың екеуіне жабықталмаған жерлерде от жаққаны үшін жалпы сомасы 76 575 теңге айыппұл салынды. Сонымен қатар, 23 сәуірден бастап өрттің алдын алу үшін дрон және ескерту автомобильдері іске қосылды.

ТЖД мәліметінше, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда от жаққаны үшін Орман шаруашылығы мекемелері мен табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері 30-дан 306 мың теңгеге дейін әкімшілік айыппұл салуға уәкілетті бар.



Судан сақтаныңыз!

Енді аз күнде қалалықтар үшін суға шомылу маусымы басталады. Осыған орай, ТЖМ қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік орындар мен жергілікті әкімшіліктермен бірлесіп, алдын алу шараларын жүргізіп жатыр. Төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың отырыстары ұйымдастырылып, судағы қауіпсіздік мәселелері жан-жақты талқыланды.

«От пен су – тілсіз жау» деп тегін айтылмаса керек. Дегенмен, қанша айтылып жатса да, тұрғындар жаздың ыстығына шыдамай, су көрсе болды, күмп беріп жатқаны. Өткен жылы да өкінішті жағдайлар орын алып, бірнеше жанның өмірін жалмаған еді. Осындай өкінішті жағдайлар қайталанбас үшін, арнайы комиссия нақты міндеттер мен іс-шараларды айқындап отыр. Дәл қазір еліміз бойынша 490 арнайы белгіленген орын анықталды.

Ал елімізде шомылу мен демалуға арналған су айдындарының саны шамамен 50 мыңнан асады. Олардың 187-і коммуналдық, 287-і жеке жағажай, тағы 16 орын бойынша нақты иелерін бекіту жағы қолға алынып жатыр. Алматы қаласының тұрғындары үшін суға шомылуға арналған 2 арнайы орын белгіленген.

алушының есебінен төленбек. «Несие бойынша сыйақы мөлшеріне келетін болса, Үкіметтің қаулысымен 4 пайыздық сыйақы белгіленді. Бұл сыйақы өспейді. Дегенмен, оның қасында банктің көрсеткен қызметтері бойынша қосымша төлемдер болуы керек. Сақтандыру шығындары да бар. Банк өз тәуекелін сақтандырмай сіздерге несие бермейді. Сондықтан оның шығыны несие алуға тілек білдірген азаматтың есебінен жүргізіледі», – деді спикер.

Жалпы, жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша қаржыландыру сомасы шамамен 100 млрд теңгені құрамақ. Өңірлердегі автобустар паркін жаңарту үшін 30 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінбек.

Автонесиені екінші деңгейдегі банктер береді. Қаржыландырудың ашықтығын қамтамасыз ету үшін министрліктермен міндетті шарт көзделген. Оған сәйкес екінші деңгейдегі банктерде қарыз алушыларға қаржыландыруды ұсынудың мәртебесі мен мерзімін қадағалайтын автоматтандырылған жүйе болуы тиіс. Сондай-ақ, қарыз алушыға екі жылдың ішінде бір реттен артық автонесие алуға тыйым салатын шектеу енгізілген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биыл Алматыда
3,5 мың
адам тұрақты жұмысқа
орналасты.



Шаһардағы гүлмен
әсемделетін аумақтың
жалпы көлемі
159 мың
шаршы метрді құрайды.



Қаланың батыс бөлігінде
ұзындығы

119 шақырым

арық желілерін салу және
реконструкциялау бойынша
құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.



2022 жылы
10 340
орынды 82
мектепке дейінгі мекеме
ашылады.



«Жасыл Алматы»
бағдарламасы аясында
350 мың
ағаш отырғызылады.

АВТОНЕСИЕ

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН АВТОНЕСИЕ беру басталды

Үкімет жеңілдетілген автонеие бағдарламасын бекіткені белгілі. Өткен аптада Елордада мұнай-газ машина жасау саласын дамытуға арналған алқалы жиында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр 16 мамырдан бастап банктер жеңілдетілген автонеиеге өтінімді қабылдауды бастайтынын мәлімдеген болатын.

Енді міне, кешеден бері елімізде 4 пайыздық жеңілдетілген автонеие беру басталды. Бұл жобаға қатысатын 4 екінші деңгейлі банк те анықталды. Олар: «Халық банк», «Банк ЦентрКредит», «Форте банк» және Еуразиялық банк». «Өнеркәсіпті дамыту қоры» акционерлік қоғамының өкілдері банктердің қатары әлі де кеңеюі мүмкіндігін айтады. Қазір олар басқа банктердің де өтініштерін қарастырып жатыр. Өтініштер мақұлданған жағдайда, банктер саны көбеюі әбден мүмкін. Бұл туралы қордың басқарма басшысы Ғалымжан Әди хабарлады.

Жеңіл автомобильдерді сатып алуға не-

сие беру қандай шарттар бойынша жүзеге асырылады? «Жеңілдетілген автонеиенің сыйақы мөлшері – 4 пайыз, қаржыландыру мерзімі 7 жылдан аспайды. Несие көлемі 10 млн теңге болады, яғни Қазақстанда шығарылған көліктің құны 15 млн теңгеден аспауы керек. Бұл бағдарлама бойынша бастапқы жарна көзделмеген. Дегенмен, автокөліктің құны 10 млн теңгеден асатын болса, несиеге өтініш білдіруші азамат жетіспейтін ақшаны өз қаражаты есебінен толтырады», – деді ол осы мәселе бойынша өткен брифингте.

Тағы бір айта кетерлік мәселе, 4 пайыздық автонеиенің сақтандыру шығыны көлік



#ЖОЛДАУ2022

Алматының этномәдени бірлестіктері референдум идеясын қолдайды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Мемлекет басшысы бастамашылық еткен Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі референдум жаңа Қазақстанның құрылымы процесінде маңызды кезеңге айналады. Бұл туралы Алматыдағы қалалық Достық үйінде өткен этномәдени бірлестіктер өкілдерінің отырысында айтылды.

– Мемлекет басшысы Конституцияға енгізуді ұсынған өзгерістер саяси бәсекелестікті күшейтуге, ел азаматтарына жаңа және тең мүмкіндіктер жасауға мүмкіндік береді, – деді модератор, Алматы қаласының Орыс мәдени орталығының төрағасы Всеволод Лукашев.

Ол референдумға қойылған идеяларды Президент биылғы Жолдауында айтқанын еске салды. Олардың негізінде «әртүрлі көзқарастар, бірақ біртұтас ұлт» қағидатының тезисі жатыр.

Всеволод Лукашевтің пікірін қалалық ұйғыр орталығы төрағасының орынбасары, Алматы қаласы ҚХА Аналар кеңесінің төрайымы Махинур Исраилова да қолдады.

– Бүгінде еліміз өз дамуының бірегей кезеңінде тұр. Бұл – еліміздің саяси және экономикалық өміріндегі ауқымды жасампаз өзгерістер кезеңі. Біздің міндетіміз – бұл процесті бірлесіп қолдау, – деп атап өтті Махинур Исраилова.

Этномәдени бірлестіктердің көшбасшылары Алматы қаласының барлық тұрғындарын бірігуге, азаматтық ұстаным танытуға және алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырды.

#РЕФЕРЕНДУМ2022

Мақсат та, шешім де бір!

Алматы қалалық Референдумды қоғамдық қолдау штабының өкілдері №143 мектептің ұжымымен кездесті

Досбол
АТАЖАН

Жиынға Референдумды қоғамдық қолдау жөніндегі штабтың мүшелері, әртүрлі қоғамдық бірлестіктер мен мәдени орталықтардың өкілдері және мектеп ұжымы қатысты.

Іс-шара барысында қалалық Референдумды қоғамдық қолдау жөніндегі штабтың спикерлері алдағы референдумның мақсаты мен мүддесі туралы баяндама жасап, бұл бастаманың ел болашағы мен өскелең ұрпақ үшін маңызын түсіндірді. Сондай-ақ, шара қатысушыларына Конституцияның қолданыстағы 98 бабының 33 бабына түзетулер енгізілетіні және өзге маңызды өзгерістер жайлы нақты анықтама берілді.

Жиын арасында азаматтық бірлестіктің өкілдері де алдағы айда өтетін жалпыхалықтық референдумға байланысты пікірлерін білдірді. Отырысқа қатысқан мектеп ұжымы да Мемлекет басшысының бастамасына оң көзқарастарын танытып, бұл шешімді қолдайтындықтарын айтты.

– Біз, мектеп ұстаздары Мемлекет басшысының Конституцияға ұсынылатын өзгертулер мен толықтыруларды референдум аясында жалпыхалықтық дауыс беруге шығару туралы шешімін қолдаймыз, – деп мәлімдеді.

Зейнабил
АЙДАРБЕКОВ,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық
қатынастар және әлем
тілдері университетінің
профессоры:



Мемлекетіміздің болашағы бәріміз үшін маңызды. Сондықтан мен саяси өзгерістерді жіті бақылап отырамын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың референдум жайлы бастамасынан күтеріміз көп.

Дегенмен, еліміздегі өзгерістердің бірінші кезеңі Президентіміздің наурыз айындағы Жолдауынан кейін басталды. Осы Үндеуінде ел басшысы саяси жүйені түбегейлі жаңғырту мен «Әділетті Қазақстан» құрудың жоспарын ұсынды, Ата Заңымызды жетілдірудің жолдарын айтты. Бұл жолдау халық арасында жақсы жағынан үлкен резонанс тудырды. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде айтылған мәселелер қайта-қайта талқыланды. Өз байқағаным бойынша, Facebook желісінде жаңа өзгерістерге байланысты адамдар өздерінің азаматтық көзқарастарын асқан қызығушылықпен хабарлап жатты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзіне келетін болсақ, ол кісі – өте білімді, әлемге танымал және әлемдік тәжірибесі бар дипломат. Осындай тұлғаның жанында зиялылар мен жастардың бірігіп, оған қолдау білдіруі көңіл қуантады.

«Қаңтар оқиғасынан» кейін халықтың жалпы саясатпен саяси құрылымдарға деген қызығушылығы артты. Жұрттың көкейінде жаңа өзгерістер мен жаңа басшыға деген үміт пайда болды. Ендігі кезекте, халық осы үміттің ақталғанын қалайды. Мемлекет тарапынан берілген уәденің шын мәнінде орындалып, қоғамда айтарлықтай өзгерістер орын алғанын тілейді.

«Кедей ел болмайды, жұрт қамын жасай алмаған басшылық болады» деп осыдан екі жарым мың жыл бұрын Конфуций айтып кеткен. Қазақстан халқы билікке экономикалық жағдайды дұрыстайды деп сеніп отыр. Бірақ «танертең ағаш егіп, кешке жемісін күтпе» деген де сөз бар. Айтылған тіркеске сүйене отырып, өз еліме сабырлы болсын деп айтқым келеді. Негізі, халқымыздың өзі де дәл қазір ешкімнен ештеңені талап етпей, үлкен үмітпен жаңа өзгерістерді күтуде.

Ал бұл үмітті ақтау үшін мемлекет тарапынан да жұмыс істеліп жатыр. Президентіміз де өз Үндеуінде, барлық өзгерістер халықтың саяси, мәдени, әлеуметтік өмірін жақсартуға бағытталғанын айтқан еді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА



САРАПШЫ ПІКІРІ

Екінші республиканың негізі болмақ

Осы орайда, бір адамның президенттікке екі мерзімнен артық сайлануының дұрыс еместігін халық та, билік те түсініп отыр. Сондықтан аталмыш мәселе референдумда қаралып өтеді деп ойлаймын. Сонымен қатар, суперпрезиденттік басқару жүйесінен президенттік-парламенттік құрылымға ауысу жолы да қарастырылады.

Елімізде бірінші референдум 1995 жылы 30 тамызда Конституция қабылданған уақытта өтті. Ол кезде екі мыңға жуық өзгеріс орын алды. Ал екінші референдум биыл 5 маусымда өтпекші. Мұндай маңызды бастама жайдан-жай болайын деп отырған жоқ. Бұл – біздің қоғамның көп жылдардан бергі сұрауы. Халқымыздың еш уайым-қайғысыз бей-жай болмай, барлық саяси өзгерістерге белсенді қатысуы өте дұрыс. Қазақстан – жас мемлекет. Жалпы халықтың орта жасы 30-ды құрайды. Сондықтан жастар мен азаматтарымыздың белсенді болғаны жақсы. Соңғы 10–15 жылда қоғамдық құрылымдар өз міндетін тікелей атқарудан алыстап кетті. Мемлекетке шынайы пайдасын тигізе алатын басшылық қызметтерге оқыған мамандар мен жастар көтеріле алмады. Айтылған мәселелерді оңтайлы шешу үшін алдағы референдумды барынша тиімді пайдалануымыз керек. Қоғамды іштей құртатын сыбайлас жемқорлық сынды ұғымдарды түбімен жоюға ұмтылуымыз қажет.

Сондай-ақ, соңғы жылдары оқыған-тоқыған азаматтарымыз шетелге көптеп көшуде. Осы мәселенің салдарымен күреспей, себебін анықтаған жөн. Шынайы сауаты бар мамандарға жол ашсақ, ол ертең мемлекетке оң әсер ететіні анық. Гегель де өз еңбектерінде осындай адамгершілігі мен білімі ұштасқан адамдардың мемлекет үшін маңызы туралы айтып өткен. Осы мәселелердің барлығын шешу үшін Конституцияны заман талабына сай өзгерту керек. Президентіміздің осы фактілерді ескеріп, Ата Заңымызға түбегейлі өзгерістер енгізуге ұмтылуы жақсы қадам болды.

Айта кеткен жөн, қазірдің өзінде референдумда халықтың қалауы ескеріліп жатыр. Кейбір адамдар бірінші Президенттің мәртебесі заңда бекітіліп қалуын ұсынды. Бірақ халық наразылығынан кейін аталмыш мәселе жұрт сұрауы бойынша шешілетін болды. Референдумның мән-маңызы да осында. Халықтың пікір-ұсынысы ескеріліп, Қазақстан өз болашағын анықтауы қажет.

Референдум арқылы орын алған Конституциялық өзгерістер Екінші Республикамыздың негізі болмақ. Халықтың Жаңа Қазақстанда күтетін басты талабы – әділдік. Мұндай қоғам теңдігін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев референдумдағы өзгерістер арқылы орнатпақшы. Біз Президенттің бұл бастамасын қолдаймыз! Меніңше, қандай да бір мемлекеттік өзгеріс бейбіт жолмен орын алуы керек. Күш қолдану ешқандай шешімге алып келмейді. Референдум осындай мүмкіндікті бізге сыйлап тұр. Сондықтан халық болып, бұл бастаманы игі өзгерістер үшін пайдаланайық. Мен Жаңа Қазақстанның дұрыс бағыт алғанына сенемін!



КҮШТІ ПРЕЗИДЕНТ – ЫҚПАЛДЫ ПАРЛАМЕНТ – ЕСЕП БЕРЕТІН ҮКІМЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«Жаңа Қазақстанды құру ісі адал әрі еркін саяси бәсеке болуын қамтамасыз етуден басталады».

(Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауынан, 16.03.2022).

#Жаңа Қазақстан



САРАПШЫ ПІКІРІ

Әрекет барда берекет болады

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген алдағы референдум қазақ халқына 27 жылдан кейін беріліп отырған мүмкіндік болғандықтан, барша халық көптен күткен айтулы оқиға.

Бұған дейін мемлекет шын ниетпен, бар көңілмен халықтың ой-пікіріне қызығушылық таныта қоймаған еді. Көпшіліктің де дауыс беруге деген ынта-жігері бола қойған жоқ десек, артық айтпаған болармыз. Өйткені, бұған дейінгі өзгерістер тек Президенттің өкілеттілігін арттыруды ғана көздейді, бүгінгідей түбегейлі реформалардың бастауы бола алмады.

«Қазіргі реформаның ерекшелігі – Президенттің өкілеттігін күшейту емес, мемлекетімізді жетілдіру, жаңғырту және нығайту. Мен баршаңызды елдің ертеңі, ұрпақтың келешегі үшін референдумға қатысуға шақырамын! Ұлт мүддесіне сай бастамаларды қолдайсыздар деп сенемін!», – деді Мемлекет басшысы өз сөзінде.

«Әрекет барда – берекет болмақ» демекші, Президент референдумды құр бос сөз үшін емес, нақты дүние екенін ісімен дәлелдеп талпынуда. Жаңа облыстар ресми құрылып, Қапшағай қаласы Қонаев аталды. Билік өкілдері кезектесе кездесу, жергілікті тұрғындармен отырыс өткізіп жүр. Тіпті, мемлекет құрылғалы бері халық жүзін көрмеген Орталық сайлау комиссиясы да ел-жұртты аралағанын көрдік. Қасым-Жомарт Тоқаев «сонша жылдан бері халық арқылы байып, бірақ өздері еш көмегін тигізбеген адамдардың қайтарымы болатын күн келді» деді. Сөйтіп, кешегі, құнының қымбаттығына бәріміздің көңіліміз толмайтын «Алматы Паркинг» әкімдікке қайта қайтты. «Қазақстан халқына» қоры құрылып, онда ниеттілерден ақша құйылды. Бұл тек мен білетін мысалдар. Күнделікті өмірімізде

талай оң өзгерістер болып жатыр. Енді әрекеттің берекеті болу үшін көпшілік қауым да қимылдау керек.

Қазақстан – демократиялы, заңды, құқықтық мемлекет. Бұл Конституцияда айқын көрсетілген. Ендігі кезекте осы аталғандардың заңдық, құқықтық-нормативтік бағытта жүзеге асуын қадағалау маңызды саналады. Сол себепті де, еліміздегі өтетін референдумның орны айрықша деп білеміз.

Осы жерде «Барлық дамыған елде плебисцит тікелей халық билігінің айқын көрінісі саналады. Бірақ Қазақстанда демократияның бұл тиімді институтының әлеуеті толыққанды пайдаланылмай отыр...» деген Президенттің сөзімен толық келісемін. Себебі, Еуропа елінде баяғыдан қалыптасқан бұл үрдіс шынайы түрде халық билігінің деңгейін көрсетіп отыр, ал бізде тек құр сөз күйінде қалып отыр. Мысалы, сол Еуропа елдеріне бүкіл әлемде өткізілетін референдумдардың 60%-ынан астамы тиесілі, ал Азия елдерінде бұл көрсеткіш 20%-ға да жетпейді. Демократиялық қоғам – прогрестің бастауы болғандықтан, референдум сөз күйіндегі формасынан іс жүзінде әрекетке айналып жатқанын атап өтпеуге болмайды.

«Елу жылда – ел жаңа» демекші, құрылғанына енді 30 жыл болған біздің Қазақстан бүгін-ертең жаңарып кетеді дегенге үлкен күмәнім бар, алайда Президенттің «Жаңа Қазақстан» деп отырғанын тура мағынада емес, тереңірек түсіну керек секілді. Яғни бүгінгіміз – сол жаңаруға алып келетін бастамалардың көші. Күні кеше ресми

түрде жарияланған референдум – ұзақ жолдағы алғашқы қадамдардың бірі. Қуатты ел болу үшін алдымен саясат, оны тіреп тұрған Ата Заң өзгеруі керек. Референдумда бір-ақ мәселе көтеріледі – сіз Конституциядағы өзгерістерге келісесіз бе? Алайда, сол өзгерістерге мән берер болсақ, біраз жаңалықтар орын алатынын түсінесіз. Бұрыннан мезі қылған тіл мәселесі, «суперпрезиденттік» режимнің аяқталуы, Конституциялық соттың құрылуы, тағысын-тағы...

Әсіресе, Президенттің Конституциялық бақылау органына азаматтардың, сондай-ақ басқа субъектілердің өтініш беруіне жол ашып, Конституциялық Кеңесті Конституциялық сотқа айналдыру бастамасын ерекше атап өткім келеді. Конституциялық бақылау органдары Ата Заңның талаптарын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Бұл негізінен, ресми түсіндірме беру, конституциялық-құқықтық даулар бойынша қорытындылар беру, заңнаманың конституциялылығын тексеру арқылы жасалады. Елімізде қанша адам болса, сонша пікір болуы заңдылық қой. Дейтұрғанмен, Мемлекет басшысының бұл жолғы бастамасы қос қолдап қолдауға тұрарлық екен. Рас, мемлекет тағдырын жекелеген азаматтар емес, тұтастай халық өзі шешуі керек.

«Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген ғой, Президентіміздің соңғы сөзді халықтың өзіне қалдырып, көпшіліктің пікіріне құлақ асуы жаңа Қазақстан құрудың бастауы деп білемін. Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз, әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз» деген сөзі бізді алға жетелейді.

Зара ШАЙМОРДАНОВА,
профессор.

#КОНСТИТУЦИЯ2022



Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА президенті:

Жаңа Қазақстанға Конституция жол ашуы керек

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңа Қазақстан дейтін жаңа бағыты, Конституцияға тиісті өзгерістер енгізілуі керек. Жаңа Қазақстанға Конституция жол ашуы керек. Сондықтан осы референдум арқылы өзгерістер енгізілейін деп тұр. Өзгерісті референдум арқылы енгізудің өзі Президенттің жаңа көзқарасы, халықпен санасуы. Осы кезге дейін Конституцияға 4 рет өзгеріс енгізілген. Бірақ ол кезде референдум болған жоқ. Оны Парламент қана қабылдады. Осы жолы түбегейлі өзгерістер енгізілейін деп тұр. Суперпрезиденттік басқарудан демократиялық басқаруға өту, Парламенттің пікірін тыңдау және оны Үкімет талапқа сай орындау – Конституцияда бекітілу керек. Конституцияның жаңа баптарын талқылауға атсалысуға шақырамын! Бәріміз бірауыздан қолдайық!



Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасының төрағасы:

Халықтың ойы маңызды

Ата Заңымыз – Конституцияға өзгеріс енгізу оңай нәрсе емес. Жаңа Қазақстан құрып, халықтың жағдайын жақсартып, рухани жағынан дамытып, өркениетті елдермен тереземіз тең болсын десек, өзгерістер енгізілуі керек. Бірақ оны халықпен санасып, көптің көңілінен шығатындай етіп талқылап, өзгеріс енгізу – өте дұрыс шешім.



Ақберен ЕЛГЕЗЕК,
Қазақстан Жазушылар одағы
басқармасы төрағасының бірінші
орынбасары:

Қоғамдық сана өзгерді

Мемлекет басшысының бастамасымен болатын референдумға бүкіл халық қатысып, қолдау керек деп есептеймін. Бұл референдум қазір ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев айтып жүрген Екінші республика ұғымын шын мәнінде орнататын, тағдыршешті бетбұрыс, үлкен оқиға дер едім. Бәріміз соған белсенді түрде атсалысуымыз керек. Көп жағдайда халық сайлауға бармай жатады. Осындай үлкен таңдаулардан сырт қалады да, артынан түсінбестіктер шығады. Мемлекет мүмкіндік беріп тұрған кезде, референдумға бәріміз қатысуымыз керек және өзіміз қалаған, таңдаған бағытқа қол қоюымыз керек деп есептеймін. Меніңше, қаңтар оқиғасынан кейін қоғамдық сана мүлдем өзгерді. Біз жаңа ұлтқа айналдық.



Ұлжан БАЙБОСЫНОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері:

Көкейтесті мәселелер шешіледі

Бізді ең қуантқан, түйткілді мәселелер көтерілді. Біріншіден, бұл – жер мәселесі. Халықтың көкейінде жүрген күрделі, көкейтесті мәселе деп айтуға болады. Екінші көтерілген мәселе – Ата Заңнан өлім жазасын алып тастау. Адамды өлім жазасына кесу құқығы жоқ деген мәселе айтылды. Конституциялық сот төрағасы, мүшелері саяси партияда болмауға тиіс деген нақты көрсетілді. Бұл бізге ашық демократиялық қоғам ретінде алдағы уақытта септігін тигізеді деп ойлаймын.



Зәуреш ӨМІРБАЕВА,
Алматы қалалық мәслихатының
депутаты:

Болашағымыз – өз қолымызда

Қазақстанда Конституцияға енгізілетін түзетулер бойынша референдум өтеді. 5 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды.

Жаңа тарихымыздың бірінші кезеңі Қазақстанның аяғына нық тұрған мемлекет ретінде қалыптасуымен аяқталған соң, «Екінші Республика» елдің жаңғыруын бейнелейді. Ал референдум мемлекеттік саяси жүйедегі өзгерістерге алып келетін бастапқы нүкте болмақ. 27 жыл бұрын қолданыстағы Конституция қабылданған кезде референдум өтті. Ал одан кейінгі конституциялық реформалар Парламентте ғана мақұлданды.

Бірлік пен татулық – біздің мызғымас құндылықтарымыз. Жаңа Қазақстан әділеттілік алаңына айналуы тиіс. Ол үшін әріпті ғана емес, заңның рухын да ұстану керек. Заң азаматтардың өзекті мәселелерін шешу үшін жетілдірілуі керек. Мемлекет басшысы заң, әділеттілік пен тәртіп біздің болашағымызды анықтайтын нақты факторларға айналатын атап өтті.



ҚОНАЕВ – 110



ЕҢСЕЛІ ЕСКЕРТКІШ

Ұлыларды ұлықтау – парызымыз

Алматы облысындағы Бақанас ауылында аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ескерткіші тұрғызылды. Ескерткіш күртгі гранитінен жасалып, демеушілер көмегімен орнатылған.

Жалпы биіктігі 5,30 метр шамасындағы мүсіннің 3,30 метрі – тарихи тұлғаның өзі болса, қалған 2 метрін оның тұғыры құрайды. Ескерткіш авторлығы Алтай Бейсеновке тиесілі. Ал Бекзат Бейсенов сәулетші болды. Балқаш ауданының орталығы Бақанас ауылында ескерткіштің ашылу салтанатына жергілікті билік өкілдері, депутаттар, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары жиналды.

– Мемлекет және қоғам қайраткері, халқымыздың біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына биыл 110 жыл. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қапшағай қаласына Қонаевтың есімі берілді. Бүгін, міне, қазақтың аяулы перзентіне үлкен құрмет көрсетіліп, еңселі ескерткіш орнатылды. Ірі тұлғалардың ерен еңбектерін үлгі етіп, ұлыларды ұлықтау – басты парызымыз. Дінмұхамед Қонаевтың бойындағы ұлтжандылық жастарға жұғысты болсын!



Қазақтың дара тұлғасының ескерткіші құтты болсын! – деді Алматы облысының әкімі Канат Бозымбаев.

Шараға қатысқан Эльдар Асқарұлы Қонаев туысы Дінмұхамед Ахметұлы ата-бабасының туған жері Бақанастың, ондағы жұртшылығының жөні мен жолы әрқашан ерекше болғанын атап өтіп, халықтың ниеті мен пейіліне әулеттері

атынан ризашылық білдірді.

Сондай-ақ, салтанатты іс-шарада сөз алған Парламент Сенатының депутаты Бейбіт Исабаев халық ықыласы мен көңілінен шыққан тұлғаға деген құрметті ешкім де, ешқандай күшпен тоқтата алмайтынын ерекше атап өтті. Іс-шараның ресми бөлімінен кейін Дінмұхамед Қонаев рухына Құран бағышталып, ас берілді.

САУАЛНАМА

АЛМАТЫ – ЕЛІМІЗДІҢ БАСТЫ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҒЫ

Туризм бүгінгі күні мемлекеттің экономикалық дамуымен қатар, оның әлемдік аренадағы беделін көтеретін ең ірі салалардың бірі екені сөзсіз. Шаһарымыздың жастарына «Алматыны еліміздің басты туристік орталығы ретінде дамыта беруі үшін не істеу керек?» деген сұрақ қойып, сауалнама жүргізген едік.

Зейін ШАНЖАРХАН,
«Шалқар» радиосының журналисі:

САПА МЕН СЕРВИС ҚАЖЕТ



Қазақстан туризмі адымдап басып, алға өрбиде. Соңғы жылдары ішкі туризмге деген сұраныс артып келе жатқаны да байқалады. Оған пандемияның әсер еткені сөзсіз. Жастар арасында қала ішіндегі көрікті жерлерге ғана шоғырланбай, шаһар маңындағы табиғи орындарға бару трендке айналды. Өткенде мен де өз жолдастарыммен Шарын, Көлсай сынды көрнекті жерлерге барып қайттым. Сонда біздің табиғатымыздың әр алуандығы мен сұлулығына таңқалдым.

Қала өңірінің бір жері Америка фильмдерін еске түсіретін тау қыраты болса, тағы бір жер Швейцария суреттерінен асып түспесе, кем болмайтындай орманды алқап. Ал «Қайыңдының» сұлулығы тіпті еш елде жоқ шығар. Енді табиғаттың мұндай сыйлығын қолға алу керек. Жол, сервис мәселелерін толықтай шешкеніміз дұрыс болады. Алматы мен Көлсай арасындағы жолды айтпағанда, айтылған туристік орындарда жүргінші жолдарының сапасы сын көтермейді, не мүлде жоқ.

Мысалға, Қайыңдыға тек ірі көлікпен жете аласыз. Жаяу барамын десеңіз, екі сағаттай тау-тасты аралау керек болады. Бұл барлық жағдайы жасалған шетелдік туристер үшін ыңғайсыздық тудыратыны анық. Туристік орындардың сапасына мемлекет тарапынан аса мән беріліп, жеке инвесторлар тартылса, Алматы әлемдік стандарттарға жауап беретін еліміздің басты туристік орталығына айналмақ.

Аружан СЕЙІЛҒАЗЫ,
студент:


АЛМАТЫ – МЕНІҢ ЖҮРЕГІМНІҢ ҚАЛАСЫ



Қала инфрақұрылымына біркелкі жоспар жасалса деймін. Сонда Алматы туризмі әрі қарай құлаштап дамитынына сенемін. Себебі, қала сәулетінің жақсы жасалуы туристердің алдындағы көріктілігіне тікелей әсер етеді. Еуропаның бір-біріне жақын салынған қуыс көшелерін көріп, сонда жүру үшін қаншама адам саяхаттап барады. АҚШ-тың зәулім ғимараттары әлемдегі миллиондаған туристерді қызықтырып отыр. Шаһарымызда жақсы жоспарланған ерекше ғимараттар пайда болса, оның жаңа туристерді әкелері анық. Жақсы жоспарланған дейтінім, Алматы жер сілкінісі қаупі бар аймақ. Сонымен қатар, шаһарымыздың мың жылдық тарихы болғандықтан, оның түпкі қабырғасы бекіген. Осы факторлардың барлығын ескере отырып, қала сәулетін жоспарлау керек. Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларының әкімдеріне ғимараттарды тығыз салмауға тапсырма берді. Меніңше, бұл дұрыс шешім болды. Енді кезекте орынсыз тұрған жарнама тақтайшаларын реттеп, қаланы көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жалғастыру жөн. Алматы – менің жүрегімнің қаласы. Сондықтан мәдени ордамыздың барынша дамығанын қалаймын.

Думан ТОҚТАР,
қала тұрғыны:

КӨРІКТІ ИМИДЖ – ТАБЫС КІЛТІ



Туризмнің дамуына мемлекеттік имидждің әсері орасан зор. Қарапайым турист саяхатын жоспарлағанда, алдымен өзіне таныс мекенді іздейді. Одан кейін сол жердің ерекшелігі мен сапасына мән береді. Осы орайда, Алматы туризмін дамыту үшін белгілі бір Алматы имиджін қалыптастырған жөн. Қаламыздың басты белгілерінің бірі – төбесін аппақ қар жапқан тау екені сөзсіз.

Сондықтан Алатауды Алматының символына айналдырып, маркетингке көңіл бөлу маңызды. Әлеуметтік желілерде осы имиджді насихаттап, белгілі бір тренд жасасак, қала қонақтарының саны міндетті түрде өседі. Тіпті, өзге елдердегі секілді тау такырыбы аясында ірі фестиваль өткізуге де болады. Мұндай мерекелік шаралар еліміздің мәдениетін әлемдік туристерге таныстырып, оларды қызықтырады. Мемлекеттің көрікті имиджі туризм табысының кілті екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



КИНО ӘЛЕМІ



«ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ»

Тәуелсіздігіміздің құндылығын қастерлеуді үйретеді

«Ұлы дала таңы» атты тарихи-көркем фильм қалың көрерменге жол тартты. Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен түсірілген кинотуынды ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған.



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Фильм желісі XV ғасырдың 70-жылдарынан XVI ғасырдың 20-жылдарына дейінгі аралықты қамтиды. Атап айтсақ, Қазақ халқының тарихындағы Қасым хан атты тұлғаның хандық құрған кезеңі мен мемлекет өркендеп, Шығыс Дешті-Қыпшақтың кең аумағына бақылау орнатылғаны туралы баяндалады. Дәл осы жылдары қазақтар дербес этникалық қауымдастық ретінде біздің аумақтан тыс жерлерге де белгілі болды. 1510 жылы Ұлытау шайқасында Қасым хан жеңіске жеткен соң оның ұлылығы, атақ-абыройы күллі Дешті Қыпшаққа тараған. Қасым ханның тұсында қазақ әскерінің саны бір деректе – 400 мың, тағы бірінде 300 мың делінсе, халық саны 1 млн-ға жетті.

«Фильмді шығаруға бір жылдан астам уақыт кетті. Тіпті, монтаж жұмыстарын түсірілім алаңында жүргізуге тура келді. Түсірілімге барлығы 2500 мыңға жуық адам қатысты. Олардың әрқайсысы өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарады. Осы сәтті пайдаланып барлық түсірілім тобына алғысымда айтқым келеді», – деді Ақан Сатаев.

Сондай-ақ, режиссер ел тарихындағы орны ерекше Қазақ хандығы дәуірін – XIV-XV ғасырды суреттеу оңай болмағанын және фильмді түсіру барысында тарихи фактілерге аса назар аударып, сценарий жазылған күннен бастап тарихшылармен бірге жұмыс жасағандарын, әр детальдерді тек мамандармен ақылдаса отырып пайдаланғандарын айтты.

«Бұл менің кино әлеміндегі алғашқы тәжірибем. Бұрындары фильм-

дер қалай түсірілетіні туралы аса мән бермеппін. Түсірілім кезінде шығармашылық топпен бірге бар қиындықтарды өз көзіммен көріп, «осы фильмнен кейін мен тек көрермен ретінде қала берейін» деп Ақанға айттым. Ол болса, фильмді түсіру мен үшін бақыт деп айтқан болатын. Шынында да, әр эпизодқа, әр тарихи оқиғаларға аса назар аударып, сценаристермен бірге жұмыс істедік. Олар шығармашылық жағынан, біз – тарих жағынан бағыттап отырдық», – деді профессор Берекет Кәрібаев.

Кино алғаш Алматыда көрсетіліп, оң бағасын алып үлгерді. Енді елордалықтарды елең еткізбек.

Фильм Алматы облысындағы Нарынқол, Кеген, Қапшағай мен Алматыдағы «Қазақфильм» киностудиясының павильондарында түсірілді. Бастапқыда бұл жоба толықметражды фильм емес, телесериал болады деп жоспарланған. 75 сериядан тұратын жобаға түріктің «Ертұғры» сериалының режиссері Метин Гюнай шақырылған.

«2,5 сағат ішінде 20 минуттық шайқас сахналарын түсірдік. Оған актерлерді 2-3 ай бойы дайындадық. Тарихи жоба болғандықтан, дайындығы күрделі болды, оңайға түскен жоқ. Түсірілімге Украина мен Ресейден фрилансерлер тарттық, бірақ 99 пайыз қазақстандық мамандар болды. Біз ақпан айында түсірілімді бастадық, желтоқсан айында тәуелсіздік күнінде киноны тапсыруымыз керек еді. Уақыт тығыз болғандықтан түсірілім алаңында монтажын жасап отырдық. Бұны ноу-хау деуге болады», – деді режиссер Ақан Сатаев.

Естеріңізге сала кетсек, фильмдегі басты рөлді Берік Айтжанов (ересек Қасым хан), Данияр Оразаев (жас Қасым хан), Айдос Әбдіқадыров (жас Бұрындық хан), Ерік Жолжақсынов (ересек Бұрындық хан), Нұрлан Әлімжанов (Мұхаммед Шайбани), Алтынбай Нөгербек (жас Жахан Бегім), Шамшагүл Меңдиярова (қарт Жахан Бегім), Тұңғышбай Жаманқұлов (ересек Әли Рашид), Қуаныш Құдайбергек (жас Әли Рашид) және т.б. сомдады.

«Тарихи драма Тәуелсіздіктің құндылығын қастерлеуге дәріптейді. Өйткені, өткеннен өнеге алмай, келешекке кемел жоспар түзу мүмкін емес», – дейді актер Берік Айтжанов.

Команданың айтуынша, бұл фильмді түсіру оңайлыққа соқпаған. Экранға жол тартатын кинотуындының нәтижесін көрермен қауым тамашалап, тарихпен сусындайтынына күмәніміз жоқ. Фильм көрерменнің ықыласына ие болатынына сеніміміз мол.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес, бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса – ұқпасын,
жабықпаймын,
Ел біркүншіл, менікі ертеңгі үшін...

ЗАМАН СӨЗ

«ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ БӘЙТЕРЕГІ»

«Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат болар еді. Ахмет Байтұрсынұлы зерттеуші Александр Затаевичке бірнеше ән жаздырған композитор, домбыра, скрипка тартқан, пианинода ойнаған, фотографиямен айналысқан, кезінде күреске де түскен палуан, бір сөзбен, жан-жақты өнерпаз, ұлт мәдениетінің бәйтерегі.

Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы – баршасы осы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасқытай қаны қалғанша қалтқысыз қызмет етуге арналған».

Рымғали НҰРҒАЛИЕВ.

(«Алып бәйтерек». «Ақ жол» жинағы, «Жалын», 1991 жыл).

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

КӨҢІЛ САРАЙЫН ТАНИТЫН АДАМ

«Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі, балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек. Екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халінен хабар аларлық болу керек».

(«Қазақша оқу жайынан», 1913 жыл).

ТІЛІМІЗ БҮЛІНБЕЙ
САҚТАЛУЫН ТІЛЕСЕК...

«...Тіліміз бүлінбей сақталуын тілесек, өзгелерше, әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз. Қазақтың бастауыш мектебінде басқа білімдермен қатар, тілінің дыбыс, сөз, сөйлем жүйелерін де үйрету керек».

(«Тіл құрал», 1925 жыл).

ӨЗІМІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІ САҚТАУ ҮШІН...

«Өзіміздің елімізді сақтау үшін бізге мәдениетке, оқуға ұмтылу керек. Ол үшін ең алдымен әдебиет тілін өркендету керек. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз. Бұл мәселеде біздің халымыз оңды емес. Осы күні орыс школы мен татар мектептерінде оқып шыққандар қазақ тілін елеусіз қылып, хат жазса өзге тілде жазып, қазақ тілінен алыстап барады. Бұл, әрине, жаман әдет. Егер тілге осы көзбен қарасақ, табиғат заңына бағынбай, біздің ата-бабаларымыз мың жасамаса, ол уақытта тілмен де, сол тілге ие болған қазақ ұлтымен де мәңгі қоштасқанымыз деп білу керек. Егер оны істегіміз келмесе, осы бастан тіл, әдебиет жұмысын қолға алып, өркендететін уақытымыз жетті».

(«Әдебиет танытқыш»).

ӘДЕБИ КЕШ

АЛАШ АРЫСЫНА
АРНАЛДЫРая
ЕСКЕНДІР

«Сән және дизайн» колледжінің студенттері «Ұлтының ұлы ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлына 150 жыл» деп аталатын рухани-әдеби танымды кеш өткізді. Оны колледждің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің аға оқытушысы, ф.ғ.м. Айнұр Қалдарбекова мен 21-6 тобының студенттері ұйымдастырды.

Алдымен колледж студенттерінің қаламыздағы Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйіне барып, аралаған сәттері бейнебаян арқылы көрсетілді. Студенттер алған әсерлерін жарыса баяндап,

алаш арысы туралы көптеген мәліметке қаныққандарын жеткізумен болды. Осынау әсерден арылмаған жастар Ахмет Байтұрсынұлының өмірінен бір үзік сәтті бейнелеп, қойылымды сахналады.

Кешке арнайы шақырылған белгілі ғалымдар Гүлзия Жайлауқызы, Сәуле Ержанова, Алмалы аудандық Қоғамдық даму басқармасының басшысы Асылбек Сатаев сөз алып, Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы туралы әңгімелеп, «Муз-Арт» тобының әншісі Кенжебек Жанәбіл әнмен әрледі.


Кешті колледж директорының Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Күнімай Омарова қорытындылады.



ЖИЫН

РЕКТОРЛАР ФОРУМЫ

*тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықты дамытудың
тиімді алаңына айналды*



Алматыда өткен Орталық Азия елдері ректорларының форумына қатысушылар Болон процесі хатшылығының Қазақстандағы өкілдігін ашуды ұсынып, бастама көтерді. Форумға ҚР Білім және ғылым министрлігінен, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан жоғары оқу орындарының және халықаралық ұйымдардың 130-дан астам өкілі қатысты.

Барлық қатысушыларды құттықтаған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «Бүгінгі форум былтыр өткізген Түркістан конференциясының жалғасы болып

есептеледі. Осы ретте форумға Орталық Азияның барлық елінен келген делегациялар мен университет ректорлары қатысты. Бұл форум тәжірибе алмасу мен ынтымақтастықты дамытудың тиімді алаңына айналды. Қазақстан – Болон процесінің белсенді қатысушысы, былтыр біз өзін-өзі сертификаттаудан өтіп, биыл Болон процесінің Бақылау тобының тең төрағасы болып отырмыз», – дей келе, қазақстандық жоғары оқу орындарының әлемдік рейтингтердегі жетістіктерін атап өтті.

QS рейтингіндегі қазақстандық жоғары оқу орындарының саны екі есеге артып, 14-ке жетті. Times Higher Education (THE) рейтингіне енген университеттердің орындары жақсарды. ЖОО жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстарын ескере отырып, еңбек нарығының сұранысына сай оқу бағдарламаларын өздері өзгертеді. Бұл жұмыс берушілермен қарым-қатынасты нығайтып, енді жұмыс берушілер өздерінің сұраныстары мен ұсыныстарын кәсіби стандарттар арқылы қалыптастырады.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

500 МЫҢНАН АСТАМ БАЛА ДЕМАЛАДЫ



Сонымен қатар, биыл еліміздегі сауықтыру лагерлері мен алаңдардың саны да айтарлықтай арта түсуде. Жалпы республика бойынша 11 мыңнан аса мектеп жанындағы, қала маңындағы, шатырлы, спорттық және киіз үй лагері жұмыс істейтін болды.

Бірінші кезекте жазғы сауықтыру орталықтарында әлеуметтік жағынан осал топқа жататын балалар қамтылады. Бұл топқа ата-ана қамқорлығынан айырылған, аз қамтылған, көпбалалы отбасы және толық емес отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі балалар жатады. Биылғы жылғы сауықтыру орталықтарының саны санаторийлер, туристік базалар,

Еліміз бойынша Балалар жылы аясында жүзеге асып жатқан жұмыстар легі өте көп. Әсіресе, биыл балалардың жазғы демалысына ерекше назар аударылып отыр. Жаз бойы балалардың сауықтыру лагерлерінде 2,3 млн қазақстандық оқушы демалатын болды. Биылғы жылғы көрсеткіш былтырмен салыстырғанда жарты миллионға артып отыр.

ұлттық парктер, жоғары оқу орындары жанынан лагерлер ашу және жұмыс істемейтін лагерлерді қалпына келтіру есебінен артып отыр. Дәл қазір Алматы қаласы бойынша лагерлер желісін дамыту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Балалардың жазғы демалысы үшін ең бастысы – қолайлы және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ету болғандықтан, ашылуға дайындалып жатқан лагерлерде конкурстық рәсімдер жүргізіліп, олардың санитарлық нормаларға сәйкестігі тексеріліп жатыр. Сонымен қатар, биыл алғаш рет балалар мен ата-аналарды барынша ақпараттандыру үшін bala-demalys.kz балалар сауықтыру лагерлерінің интерактивті картасы, сайт пен мобильді қосымша (Android және IOS платформаларында) іске қосылды.

Ата-аналар аталмыш электронды картаның көмегімен кез келген лагерь туралы (бағдарламасы, бағасы, орналасқан жері) ақпарат ала алады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯ

«БОЛАШАҚ» ТҮЛЕКТЕРІ

еліміздің дамуына маңызды үлес қосып жүр

«Болашақ» бағдарламасымен шетелдік үздік оқу орындарында білім алып, бүгінде отандастарына пайдасын тигізіп, ел дамуына маңызды үлес қосып жүрген түлектеріміз өте көп. Мәселен, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов ел игілігі үшін еңбек етіп жатқан «болашақтықтар» туралы өзінің ыстық ықыласын білдірген екен.

Білімді жас Диана Момбаева Канаданың жетекші жоғары оқу орындарының бірі Калгари университетінде «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып, кейін Қостанай облысындағы туған ауылы Комсомолға оралыпты. Ол қазір ауылдық мектепте тарих пәнінен сабақ береді. Сонымен бірге, Диана балаларға ағылшын тілін де тегін үйретеді екен.

Ал маммо радиолог дәрігер Данара Сүлейменова Ұлыбритания университетінде білім алып, кейін «Болашақ» бағдарламасы аясында АҚШ университетінде тағылымдамадан өткен. Қазір ол сүт бездерінің сәулелік диагностикасының әртүрлі әдістерін – УДЗ, маммография, МРТ-ны меңгерген және қажет болған жағдайда тиісті диагностикалық манипуляцияны тағайындайды. Қазіргі таңда қазақстандық мектептерде «Болашақтың» арқасында әлемнің жетекші университеттерінде білім алған 800-ден астам мұғалім балаларымызды оқытса, 600-ден астам дәрігер жыл сайын отандастарымыздың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу үшін он мыңдаған ота жасап жатыр. Үкімет «Болашақ» бағдарламасын әлі де жетілдіре түседі.

ОЛИМПИАДА

Ташкентте өткен Халықаралық олимпиадаға қатысқан оқушыларымыз 8 медальді жеңіп алды. Химия пәнінен Халықаралық 56-Менделеев олимпиадасына қатысқан оқушылар 3 күміс, 5 қола медальді еншіледі.

ОҚУШЫЛАР 8 МЕДАЛЬДІ ОЛЖАЛАДЫ



Сонымен, Менделеев олимпиадасының жүлдегерлері енді жерде қабылдау емтихандарын тапсырмай-ақ, өздері қалаған Ресейдің жетекші оқу орындарында тегін оқу мүмкіндігіне ие болып отыр. Халықаралық олимпиадаға бақ сынауға барған оқушылардың барлығы еліміздегі жарыстардың жеңімпаздары, олимпиадалық резервтің мүшелері. Бұл туралы «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталықтың директоры Тимур Нұрқешов үздіктерді анықтау үшін еліміздегі барлық деңгейдегі олимпиадалардың автоматтанырылған жүйеде өткізіліп жатқанын жеткізді.

«БАЛАФЕСТ-2022»



«ЖҰЛДЫЗДЫ СӘТТЕР» ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Балалар жылына орай қазір шаһарымызда қалалық Білім басқармасының қолдауымен «BALAFEST-2022» фестивалі өтіп жатыр. Сонымен қатар, фестиваль аясында «Жұлдызды сәт», «Open Air Спорт», «Бояулар құпиясы», «Хакатан-IT Univrse», «Кітап – білім бұлағы», «Жасыл Алматы» атты бірнеше байқау бастау алды. Осынау байқау талай талантты баланың өнердегі алғашқы қадамы ретінде тұсауын кесіп, олардың өмірлеріндегі сәулелі сәтке айналары анық.

Байқауға белсене қатысып жатқан мектепке дейінгі мекемелердің бірі – Түркісіб ауданындағы №119 бөбекжай-балабақша. Аталмыш байқау жарияланғалы бүлдіршіндерден де «маза» кетті. Олар өздерінің өнерлері мен спортқа деген қызығушылықтарын байқау барысында жан-жақты таныта білді. Олар бір сәт өздерін өнер жұлдыздары сияқты сахнада еркін сезінді. Әбден төселіп алғандары байқалады. Осынау байқау барысында «Бұлбұл» тобының 6 жасар өнерпазы Ажар Сағидолла мен «Аққу» тобының белсенді өнерпазы Әлжан Мансұрдың өнері үстем болып, жүлделі орынды жеңіп алды.

Бүлдіршіндер мәңгі жас қала, ару Алматының көркем келбетін сақтауға да бей-жай қарамайтындықтарын танытты. Олар ата-аналарымен бірге қағаз қалдығын өткізіп, қоршаған ортаны сақтауға да өз үлестерін қосты. «Жасыл Алматы» байқауына қатысқан бүлдіршіндер, әсіресе, «Экология игілігіне арналған фантазиялар» атты эко-сән байқауына қызығушылық танытты. Олар өздерінің ізгі армандарын сурет тілімен жеткізді.

– Биылғы «Балалар жылына» біздің бүлдіршіндердің қосып жатқан үлесі зор. Олардың қазір бос уақыттары жоқ десе де болады. Күнде байқау, күнде дайындық, – дейді балабақша меңгерушісі Гүлбану Сатқанова.

Бетгі әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Әжем ақырындап өз бөлмесінен шығып, қонақ бөлмеге кіріп келе жатты.

Келіні:

– Балам, кел, дастарханға отыр, сорпаңды құйып қойдым, суытпай ішіп ал, – деді.

Қонақ бөлменің бір бұрышындағы өзінің ауылдан алып келген көрпесінің үстіне отырып жатқан әжесін көрген немересі:

– Әже, келіңіз, бірге тамақ жейміз, – деді.

Қарт ана бір күрсініп алып:

– Үйдің отағасы келмей тұрып дастарханға отыруға болмайды. Әкең келсін, бірге жейміз, бұйырса! – деп тіл қатты.

Келіні:

– Ойба-ай, апа! Бұл әдеттердің заманы өтті, ескірді ғой. Қазір кім аш болса дастарханға сол отырады, балаңыз келгенде өзі жей береді, – деді.

– Қызым, адамдардың өз әдебі секілді, үйдің де өз әдебі, заңдары бар.

Немересі шыдай алмай, сөзге араласып:

– Ой, әже, не ол үйдің әдебі деген?! – деді.

Сонда қарт ана былай деді:

Дастархан әдебі

– Біз кішкентай кезімізде әкеміздің алдында дұрыс отыруды үйренетін едік. Үйде ата-анамыздың алдында аяғымызды созып отырмайтынбыз, үлкендер сөйлесіп отырғанда олар рұқсат бермегенше сөзге араласпайтынбыз. Бөлмеге үлкендеріміз келгенде тұра қалып орын беретінбіз. Әкеміз дастарханға отырмай тұрып біз ешқашан отырмайтын едік. Әкеміз келіп «бісміллә, ал келіндер!» дейтін. Барлығымыз жүгіріп келіп отыра қалар едік. Соңында дастархан батасы оқылатын. Отбасымен жеген тамақтан дәмді тамақ бола ма, құлыным! Бұл – дастархан әдебі!

Немересі:

– Ой, әже, бұлардан стресс болмайсыз ба?! – деді.

– Жо-о-ок, құлыным! Біздің заманымызда құрмет болған жерде махаббат бірге жүретін. Махаббат болған жерде қайдан күйзеліс болсын. Тамақтар дәмді, ұйқымыз тыныш. Білесің бе, мен стресс деген сөзді осында, қалаға келіп үйрендім. Біздің ауылымызда ақылының кемістігі бар бір бала болатын. Бәрі оны «жынды Ибраһим» дейтін. Ол кезде сол жынды Ибраһим де стрессіз, бақытты болатын. Кешке дейін көшеде балалармен ойнайтын, қарны ашса бір есікті қағатын. Қай есікті қақса да, оны үй иелері тойғызып жіберетін еді. Шашы өсіп кетсе, шаштараз шашын қиып қоятын. Хамамшы оны шомылдырып тұратын. Жұма күндері ауыл кісілері оның қолынан

ӘЖЕМНІҢ ӘНГІМЕСІ

немесе үйдің ұяты жайлы мөлтек сыр



Сурет салматордан алынды

ұстап, намазға апаратын. Ешкім оны кемсітпейтін. Қазір ешқандай нәрсеге құрмет қалмады. Қарашы, үйлерге де құрмет жоқ! Кеш болса да перделер жабылмаған, барлық үйдің іші көрініп тұр, бірақ ешкім ұялмайды.

Біз кеш батпай тұрып, перделерді жауып, жарықтарды қосатын едік. Перде жабық болса да, үстімізді ауыстыруға ұялып, жерге шөгіп ауыстыратын едік. Сырттан көлеңкеміз көрінбеуін ойлап ұялатын едік.

Осы кезде беті қызарған келіні ақырындап тұрып перделерді жапты.

– «Үйдің әдебі пердесінің жабылып-жабылмағанынан белгілі болады» дейтін еді үлкендеріміз. Үйдің алдына ешкім ішкімдерін іліп асып қоймайтын, көршілерден ұялатын еді. Мен кішкентай кезімде шалбарымды үйдің алдына іліп қойған едім, анам келіп «қызым, әкең бүгін аулаға шыққан кезде сенің шалбарың ілулі тұрған, қалай ұялғанымызды білсең ғой. Екінші рет ортаға ілме, үйдің артына іл, үстінен жұқа мата іліп қой» деді. Мен ол кезде 12 жаста едім. Анам мұны маған сөйлеген

кезде жер жарылып жерге кіріп кетсем екен деп тұрдым ұялғанымнан. Қазір қалай? Өткенде таза ауамен дем алайын деп балконға шығып едім, қарсыдағы көршіміз барлық кірін асып қойыпты, ұялғанымнан ішке кіріп кеттім.

«Көз құрметі»

Бүгінде тамақтарды сыртта жейтін болған, «көз құрметі» деген болады, оны ешкім ойламайды. Біз базардан сатып алғанымызды әдемі пакетпен үйге алып келіп, сонымен дәмді тамақ жасайтын едік. Көзге құрмет жасауымыз керек, қызғаныш болады... Ол тамақты алуға ақшасы жетпейтіндер де бар, соларға құрмет көрсетуіміз керек. Біздің Пайғамбарымыз (с.а.с.), «Тамағыңыздың иісімен көршіңіздің үйінде аза оқымаңыз» деген.

Үйдің тағы бір әдебі бар, ең маңыздысы да осы: үйдегі жағдайлар ешқашан сыртқа шығарылмауы керек, мысалы, жегеніміз, ішкеніміз, әңгімелер, ұрыстар... Бұл да үйдің бір әдебі, ешкімге айтылмауы керек. Сол үшін үй ішіндегі мәселелер

оңай шешіледі. Пайғамбарымыз да, әсіресе, әйелі мен күйеуі арасындағы әңгімелер ешкімге айтылмайды, бұл күнә болып табылады деген хадистер айтқан, солай емес па, Ләйлам? – деді келініне бұрылып.

Лейла ұялыңқырап:

– Иә, анашым, – деді ақыры дауыспен.

Немересі:

– Әже, қазір Фейсбук деген нәрсе бар, адамдар мейрамханада отырғанын, не жегенін суретке түсіріп мыңдаған адамға көрсетеді, – деді.

– Ойбұйуу... Адам жегенін де көрсете ме?..

– Әрине, әже, әр нәрсенің фотосуреті бар. Қыдырған жерлері, не жегенін, не кигенін, жұбайлары алған гүлдердің үстіне жазылған тілектердің де фотосуреті бар.

– Құлыным-ау, сен не айтып отырсың? Ақырзаман жақындап қалды ма? Үйлер тыржалаңаш қалды ма? – деп көзі жасқа толып, әңгімесін одан әрі жалғастырды.

– Біз отағамыздың алдында бірге жүруге ұялатын едік, жесірлер бар, тұрмыс құра алмайтын қыздар бар. Олардың көңілдерін жаралағымыз келмейтін. Отағамыздан бір қадам артта жүретінбіз. Қазір болса көшеде ұрсысып тұрады, сүйісіп тұрады жастар. Әрине, ар-ұят болмаған жерде мейірім де қалмайды. Үлкендерімізге құрмет етсек, бұл үйіміздің берекеті болар. Үйдің ұяты жабылған перделер болатын. Ал махаббаттың ұяты – жасырыну. Көздің ұяты – көзде. Дененің ұяты – жабық киімдер. Ұялу, ар намыс иманнан келетін нәрселер.

Келіні:

– Дұрыс айтасыз, анашым. Біз ар-намысымызды ұмыттық! – деді.

Немересі қасығын үстел үстіне ақырындап қойып жатып:

– Мен әкем келгенде тамақ жеймін, анашым! – деді.

Әжесі айтқан сөздерінің келіні мен немересіне әсер еткенін байқап, Құдайға шүкір деді.

(Қазіргі өмірдің боямасыз шындығын тамырындай дөп басқан осы бір дүние WhatsApp арқылы келген еді, авторы белгісіз. Сонда да болса, оқырманға, оның ішінде ұялы телефонға тым тәуелді болып бара жатқан жас ұрпаққа ой салар деген оймен ұсынып отырмыз.)

ОТБАСЫ

ӘЙЕЛ-АНА



Анам мен әкем теледидар көріп отырғанды. Бір кезде анам:

– Бүгін қатты шаршаппын, кеттім, ұйықтайын, уақыт та біраз болыпты ғой, – деді.

Жолай асүйге кіре кетіп, фасольді суға жібітіп қойды, тоңазытқыштан ет шығарды, ертеңге. Таңғы асқа мюсли жете ме, жетпей ме, соны қарады, конфетқаға қант септі. Сулы шүберектерді жіпке ілді де, түймесі түсіп қалған киімнің түймесін қадауға отырды. Бөлмеде шашылып қалған ойыншықтарды жинап алды, ұялы телефонды қуат көзіне қосты, гүлдерге су құйды, мусор шелектің целлофан пакетін

ауыстырды, жиырылып қалған сүлгіні жолай жөңдей кетті. Терең тыныс алды да, жатын бөлмені бетке алды. Кенет мұғалімге хабарлама жазу керектігі есіне түсе кетіп, бір сәт аялдады, сосын баланың ертең экскурсияға баратын жолына ақша шығарды. Қолына кітап іле кетті. Сосын беті-қолын жуып, тісін тазалап, бетіне крем жақты.

– Сен ұйықтауға кетпеп пе едің? – деп айқайлады зал жақтан әкем.

– Иә, иә, міне, кетіп барам, – деген анам иттің итаяғына су құйды. Үйдің сыртқы есігін кілттеді де, дәліздің жарығын өшірді. Балалардың бөлмесіне бас сұқты, қосулы қалған теледидар мен жарықты өшіріп, кішкентайлардың аяқ астында жатқан жейде, шұлықтарын жинап алып, кір киімдер кәрзеңкесіне апарып салды. Әлі де сабақ қарап отырған тұңғышымен тілдесті. Жатын бөлмеге жеткенше сағатты қойды ертеңге, ауызғы бөлмедегі аяккиімдерді ретке келтіре салды, ертең шұғыл атқарылуы тиіс шаруалар тізімі жазылған тілдей қағазға тағы үшеуін қосты. Осы кезде әкем теледидарды өшіріп:

– Мен кеттім ұйықтауға, – деді. Шынымен де әкем жатын бөлмесіне кіріп кетті.

Негізі, бұл жерде таңқаларлық ештеңе жоқ. Бірақ әйелдер нәліктен ұзағырақ өмір сүреді? Себебі, олар уақыттан бұрын кете алмайды: жұмысы тым көп...

МӨЛТЕК СЫР



БАҚЫТ

Бүгін үйдемін. Кішкене ауырыңқырап қалдым.

«Алтын асығым» мен «Күміс қасығым» күнде өздері оянып, шәй қойып ішпесе де, үстелдегі барды жеп, сабақтарына кете берді.

Бүгін оянса, екінші бөлмеде мен жүр екенмін. Қуанып кетті. Әсіресе, «Күміс қасығым».

Ағасына да еркелей кетіп, «Алтын асығымды» қайта-қайта құшақтай береді. Бір-біріне «қайырлы таң» деді. Ана ретінде бұл сәтті көргеніме мен де қуандым.

Әйтпесе, күнде балалар ұйықтап жатқанда тұрып кете береміз. Кешке бір-ақ ораламыз.

Үшеуіміз шәй іштік. «Күміс қасығым» жеп отырған әріп-печеньелерімен «АНА» деп жазды, қуанып отырғаны.

– Өкенді де жазып қойсаңшы, балам? – дедім.

– Печеньелерде «ә» әрпі жоқ екен. «Папа» деп жаза берейін бе онда? – деді сосын.

– Онда сен әкеңе телефон соғып қойғын қазір, қайырлы таң айтып, – дедім.

Арсаландап жүгіріп кетті.

– Бүгін үйде мама бар, – деп жатты сосын телефоннан.

Бақытты болу үшін осындай сәулелі бір сәт те жетіп жатыр.

Сізге де БАҚЫТ тілеймін!


Бетті дайындаған Нұржамал ӘЛШЕВА.



ЕРКІН КҮРЕС

ҚАНЖЫҒАДА –
4 АЛТЫН

Қазақстан құрамасы еркін күрестен халықаралық турнирде 4 алтын медаль жеңіп алды. Болгарияның София қаласында күрес түрлерінен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында халықаралық турнир өтіп жатыр. Olympic.kz еркін күрестен қазақстандық балуандардың нәтижесін ұсынды.



Алтын медаль: Дәулет Теміржанов (57 келі), Әсет Бауыржанов (65 келі), Шыңғыс Мұхаметқалиев (74 келі), Юнус Ғафуров (97 келі). Күміс медаль: Мұхамед Балғабай (57 келі), Азиз Әуелханов (74 келі), Әкежан Айтбеков (97 келі). Қола медаль: Нұртілек Оңдаш (57 келі), Адлан Асқаров (65 келі), Бекзат Ермекбай (65 келі), Жеңіс Қаныбеков (74 келі).

ШАҒЫН ФУТБОЛ

ЖАСЫЛ АЛАҢДАҒЫ
КЕЗДЕСУ

Алматы қаласының Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде кәмелетке толмаған сотталғандар арасында «QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қоры өкілдерінің ұйымдастыруымен шағын футболдан сайыс өтті.



Шағын футболға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс студенттері және балалар колониясындағы деңбіл доп ойынын ерекше жақсы көретін жеткіншектерден жасақталған екі команда қатысты.

Жарыс тартысты әрі қызықты өтті. Нәтижесінде ЛА-155/6 мекемесінің «Жастар» командасы жеңіске жетті. Олардың жүлделі болуы бекер емес. Былтыр демеушілердің қолдауымен осы колонияда футбол алаңы салынған

болатын. Аяғын жаза басып, бас бостандығынан айрылып, сол мекемеде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер бос уақытында спортпен айналысып, салауатты өмір салтын ұстанып, сол жаңа футбол алаңында доп теуіп, жан рахатына бөленеді.

«QAZAQSTAN JASTARY» қоғамдық қорының өкілі Нұржау Мади жеңімпаздарға кітаптар тарту етті. Жазасын өтеп жатқан балаларға спортпен бірге кітап та – адал дос.

БОКС

ІВО БЕЛБЕУІН
АЛҒАШ РЕТ ҚОРҒАМАҚ

ІВО тұжырымы бойынша жартылай орта салмақта әлем чемпионы қазақстандық Данияр Елеусінов (11-0,6 КО) өзінің кезекті жекпе-жегін маусым айында өткізетін болды.

Triller Fight Club промоутерлік компаниясы ұйымдастыратын бокс кеші 25 маусымда АҚШ-та өтеді. Боксшының қарсыласы – украиналық Иван Голуб (20-1, 15 КО). Тартысты бәсеке 12 раундқа жоспарланып отыр. Алдын ала мәлімет бойынша Данияр Елеусінов бұл жекпе-жекте өзіне тиесілі ІВО белбеуін алғаш рет қорғамақ.

Д.Елеусінов былтыр желтоқсанда елордада өткен бокс кешінде аргентиналық Хуан Эрнан Леалдан (15-1) ұпай санымен басым түсіп, ІВО белдігін жеңіп алған еді. 2018 жылдан бастап кәсіпқой бокста өнер көрсетіп келе жатқан отандасымыз бүгінге дейін 11 жекпе-жек өткізіп, оның барлығын жеңіспен аяқтаған. 6 қарсыласынан мерзімінен бұрын басым түскен.

● БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Түркияның Ыстамбұл қаласында бокстан өтіп жатқан әлем чемпионатында ел құрамасынан Жайна Шекербекова мен Алуа Балқыбекова жартылай финалға жолдама алды.

ТЕННИС

ШИРЕК ФИНАЛДАМЫЗ



Қазақстандық теннисші Анна Данилина жұптық сында Рабат (Марокко) WTA 250 турнирінің ширек финалына шықты. А.Данилина америкалық Ингрид Нилмен бірге бастапқы кездесуін марокколық Ямин Каббай – ресейлік Екатерина Казіновамен өткізді. Қазақстандық-америкалық жұп 6:1, 6:2 есебімен жеңіске жетті. 1 сағатқа созылған матчта олар 11 брейк-пойнттың төртеуін пайдалана білді. А.Данилина мен И.Нилдің ширек финалдағы қарсыластары кейін анықталады. Қазақстандық теннисші жекелей сында да бақ сынап көрген. Алайда, іріктеу сайыстарының финалында ресейлік Екатерина Рейнгольдқа 5:7, 1:6 есебімен жол беріп, негізгі турнирге өте алмады. Қазақстанның ерлер арасындағы бірінші, әлемнің 41-ракеткасы Александр Бублик Женева АТР 250 жарысының алғашқы айналымында Польша өкілі Камил Майчрзактан жеңіліп қалды – 1:6, 7:6 (7:4), 3:6. А.Бублик осымен қатарынан төртінші ірі доданың алғашқы айналымынан аса алмады.

ЖАС
ТЕННИСШІЛЕР
ТОП ЖАРДЫ

Қазақстандық жас теннисшілер шетелдерде өтіп жатқан бірнеше халықаралық турнирде чемпион атанды.

Ыстамбұлда ұйымдастырылған төртінші санаттағы ITF Juniors додасында Асылжан Арыстанбекова мен Аяя Нұпбай жұптық сында топ жарды. Олар финалда қазақстандық Карина Жұмажанова мен мысырлық Мариам Ибрахимді 6:1, 6:2 есебімен ұтты. Бір апта бұрын Асылжан мен Аяя Ыстамбұлдағы тағы бір жарыста үздік шықты. Ал Душанбеде 18 жасқа дейінгі теннисшілер арасында өткен

дәл осындай халықаралық турнирде Артур Хайрутдинов пен Ислам Орынбасармен ешкім теңесе алмады. Олар соңғы бәсекеде Беларусь өкілі Артем Алексейчук пен Герман Думшеден айланып асырды – 6:2, 7:5. Осы жарыста Исламның абсолютті чемпион атанатындай мүмкіндігі болған еді. Алайда, ол жекелей сындың финалында ресейлік Олег Коллиновка жол берді.

Сондай-ақ, Словениядағы 14 жасқа дейінгілер арасындағы Tennis Europe – Grawe Open сериясымен өткен додада Дамир Жалғасбай жұптық сында чемпиондық атаққа қол жеткізді. Ол украиналық Никита Белозертцевпен бірге финалда жарыстың алтыншы ракеткалары, швециялық Линус Андерсон мен даниялық Мадс Брунхабиді жеңді – 4:6, 6:2, 10:4.

Бетті әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАУЛЫ

2022 жылғы 16 мамырдағы №2/115-220

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2022 жылғы 25 сәуірдегі №4 қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Отбасылық-дәрігерлік амбулатория құрылысы үшін «Думан-Тепло Энерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Думан-2» шағынауданы, 31 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, ауданы 0,7545 га (кадастрлық нөмірі 20-315-931-212) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі (жер пайдаланушы) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін (жер пайдаланушысын) ескертсін және жер учаскесінің меншік иесіне (жер пайдаланушыға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының тегісіне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Ыстық су болмайды

Алматы қаласының Бостандық ауданындағы ғимараттардың бір бөлігі бір күнге ыстық судан ажыратылады.

18 мамырда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Бостандық ауданының аумағында орналасқан Жароков – әл-Фараби – Гагарин – Ходжанов көшелерінің контурындағы тұрғын үйлерге және өзге де ғимараттарда ыстық су болмайды. Жылумен жабдықтау желілерінде жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін шектеулер енгізіледі.

Уақытша қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауларыңызды сұраймыз.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2022 жылғы 26 мамыр, сағат 09.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыңжырлар, кулондар, алқалар).
Лоттар саны – 3960 дана.
Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес.
Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmb.kz электрондық поштасы бойынша 2022 жылдың 25 мамыр дейін сағат 16.00-ге дейін.
Сауда-саттықты өткізу әдісі – Голландтық.
Бағаны өзгерту қадамы – 2%.
Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде Телефон: 261-59-11. «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 6 айға – 3603 теңге // 7 айға – 4203,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 6 айға – 9723 теңге // 7 айға – 11343,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 6 айға – 2643 теңге // 7 айға – 3083,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«ТОIMART» супермаркетіне:
• сатушылар;
• кассирлер;
• фасовщиктер;
• жүк тиеушілер;
• сырлаушылар;
• күзетшілер;
• тазалықшылар;
• тауар қабылдайтын оператор керек.

Розыбакиев көшесі, 4-үй.
Тел.: 8 771 705 85 36.

«Банк Хоум Кредит» АҚ-ның:
• call-орталығына оператор қажет.
Тел.: 8 747 702 07 92.

«BAZIS» құрылыс компаниясына:
• бетон құюшылар;
• арматурщиктер;
• түрлі жұмыстарға жұмысшылар;
• әрлеушілер керек.
Тел.: 8 747 957 67 10.

«Salpen Wood» ЖК:
• конструктор;
• ағаш ұстасын іздейді.
Тел. 8 775 965 84 88.

«PSI Group Engineering» компаниясына:
• инженер-конструктор;
• инженер-механик;
• инженер-технолог;
• инженер-электрик;
• инженер КИПиА;
• инженер ВК;
• инженер разработчик (IT);
• инженер-жоспарлаушы керек.
Тел.: 8 (727) 352-70-80.

«ALSER» тұрмыстық және цифрлы техникалар дүкендер желісіне:
• персоналдарды іріктеу бойынша маман керек.
Тел.: 8 705 775 67 57.

«Имсталькон» АҚ-ға:
• инженер-сметчик қажет.
Тел.: 8 701 754 09 11.

«Метрополитенге»:
• электропоезд машинисі керек.
Тел.: 8 (727) 383-00-17; 8 (727) 396-88-95.

«Жаңа жарық» компаниясына:
• әкімші;
• медбике;
• санитаркалар;
• офтальмолог керек.
Тел.: 8 777 388 70 95.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Жаңа жарық» компаниясына:
• әкімші;
• медбике;
• санитаркалар;
• офтальмолог керек.
Тел.: 8 777 388 70 95.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

«Метрострой» ЖШС-ға:
• укладчиктер;
• капптаушылар;
• желі операторлары керек.
Тел.: 8 701 787 41 54.

Бас директор –
Төлеміс КҰЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефон-
дары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.

Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВРУ00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын білдір-
мейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

Балалар
жылы
2022

ПЕРІШТЕЛЕР

сөз алады

Кез келген баланы періште десек болады. Себебі, олар қулық-сұмдықтан ада, жүрегі ақ, ойы таза, көңілі де кірленбеген. Не ойлайды, нені көріп тұр, соны дәл сол күйінде боямасыз, шынайы айтады.

Алатау ауданындағы «Шаңырақ-2» шағын-ауданындағы Елшаманова Айгүл Маханбет-қалиқызы жетекшілік етіп отырған «Шаттық» балабақшасына жолымыз түскен болатын. Ондағы тәрбиеші Римма Аралбайқызының балаларымен, нақтырақ айтсақ, «Самұрық» тобының балдырғандарымен тілдестік. Өздері бірінен-бірі өткен сондай сүйкімді. Тілі тәтті, арманы асқақ бүлдіршіндер не айтты, көне, бірге оқиықшы.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Үлкен үй сатып аламын»

Нұрислам ТҮҢҒАТАР:

Мен жазды асыға күтіп жүрмін. Жазда Інжу тәтемнің сабағы бітіп, демалысқа шығады. Сосын мені күреске апарып, алып келеді. Мен бәрін жеңемін де, көп-ақша тауып, үлке-е-н үй сатып аламыз. Атам мен апамды ауылдан әкеліп аламыз. Бәріміз бірге тұратын боламыз.

Әкем жақында машинасын сатып жіберді. Басқа машина таппай жатырмыз, әкеме ұнамай қалып жатыр. Біз ақ машина аламыз. Өйткені, ақ машинаның жүрегі де ақ болады.

Анашым «жазда далаға көп шығуға болмайды, күнге күйіп кетесің» дейді. Кеше мен көшеден қап-қара болып кеткен (негр жігітті айтып отыр) ағаны көрдім. Ондай қара болғым келмейді, сондықтан далаға көп шықпайтын шығармын.

«Әнұранды жатқа білемін»

Ардақ ЖҰМАМҰРАТ:

Маған көктем мен жаз мезгілдері ұнайды. Жасыл түсті жақсы көремін. Қыста суық, тонасын. Ал көктемде күн жылынып, адамдар жеңіл киінеді. Күн жылы болғандықтан, ойнауға барамыз, батутқа секірген күшті. Көбінесе ата-анаммен барамын.

Үйдегілер мені «Адик» деп атайды. Балабақшадағы апайлар мен балалар да солай атайтындықтан, көбі менің шын есімім солай екен деп қалады.

Әнұранды жатқа білемін. Өскенде полиция болғым келеді, бірақ бұл арманым өзгеріп кетуі де мүмкін.

Біздің балабақшада таэквондо үйретеді, ағай сабақ береді. Жакында өткен жарыстан аяғымды ауыртып алдым, сосын орын ала алмай қалдым. Айтпақшы, екі әпкем далаға шығып кетеді де, қарындасым екеумізден тығылып тәттілер жеп келеді. Оны папам мен мамам біліп отырады. Бірақ ұрыспайды.

«Күліп жүрген ұнайды»

Кәусар ТОЛЫҚБЕК:

Балабақшаға сіңлім екеуміз келеміз. Сіңлім бола тұра, ата-анам мені қатты еркелетеді. Әкем мені мойнына отырғызып, ағам аспанға лақтырады, маған солай еткен қатты ұнайды. Балабақшада барлық қызбен доспын.

Маған жылы болып тұратын мезгілдер ұнайды. Қыста көбінесе аққала жасаған күндер ғана ұнайтын секілді. Күн жылы кезде жарқыраған күн шығып, адамдар да күле бастайды, енді жақсы көретін балмұздағымды да жиі жейтін болдым.

Анамның күріш тамағын, сосын лағманын жақсы көремін. Дәмді пісіреді. Ақ пен қара түстерді ұнатамын, екеуі бір-бірімен жақсы үйлесетін секілді.

Мен өскенде дәрігер боламын деп жүрмін. Ауырып қалған адамдарды емдеп, көмектескім келеді.



«Қыздарды сыйлау керек»

Даниял МҰСТАФИН:

Достарымның көбі балабақшада. Бірақ олармен кейде төбелесіп те қаламын. Әсіресе, сыртқа ойнауға шыққанда ініме тиіскен баланы көрсем, жүгіріп барып сол баланы ұрғым келіп тұрады. Бірақ Римма апай бізге «бәрің бір үйдің баласындай дос болыңдар, ертең мектепке кетіп қалсаңдар, сонда бір-біріңді сағынасыңдар» дейді ылғи. Сосын үндемеймін.

Балабақша беретін тамақтардың бәрі дәмді, әсіресе маған палау ұнайды.

Анам мені «жаным бөпем», «өзі жүрек сияқты» деп еркелетеді. Ол сөздер мені қуантады.

Мен жігіт болғанда, дәрігер болсам деймін. Боксқа да қатысатын шығармын.

Жаз шыққанда гүлдер әдемі, жайқалып өседі, қыздар да гүлдер сияқты әдемі. Қыздарды ренжітуге болмайды, оларды сыйлау керек.

«Ол біз үшін қашан да биік»

Айсұлтан БАЯНБАЙ:

Мен биыл балабақшамен қоштасамын. Сағынатын боламын. Маған балабақшаның күріш сорпасы ұнайды, бірақ барлық тамағы дәмді.

Кешке үйге барғанда, қыздардың ортасындағы жалғыз ұл мен болғандықтан, әкем мені «Арыстаным» деп еркелетеді. Әкемнің үмітін ақтағым келеді. Жақсы оқушы боламын, әскерге барамын.

Қайрат Нұртастың әндерін тыңдаған ұнайды.

Біздің Президентіміз – Қасым-Жомарт Тоқаев деген ата. Ол бәрімізді басқарып отыр. Астанада Бәйтерегіміз бар, ол біз үшін қашан да биік.

«Отанымды да, отбасымды да қорғайтын боламын»

Қайыржан ЖОЛДАСБЕКОВ:

Маған да жылы мезгілдер, жылы күндер ұнайды. Себебі, ондай күндері туыстарыма қыдырып барамын. Олар өте алыста тұрады.

Жолда жүрген де ұнайды. Көліктің терезесінен далаға қарап отырған сондай жақсы.

Ата-анам мені «Қайрош» дейді. Балабақшаға өте кішкентай кезімнен бастап келіп жүрмін. Апайлардың айтуынша, мен көп сөйлемейтін, айтқанды қылатын бала болыппын, ал қазір шамалы өскесін олай емес екенмін.

Әнұранды бәріміз жатқа білеміз, балабақшада күнде таңертең айтамыз.

Өскенде ағалар сияқты әскерге барамын, Отанымды қорғайтын боламын. Отбасымды да қорғаймын. Сосын боксқа қатысқым келеді, өзімді қорғап жүру үшін.

«Ауыл деген жақсы»

Әлихан БЕЙДАХМЕТ:

Біз ауылға бір жылда бір-ақ рет барамыз. Онда да анам демалыс алғанда. Менің анашым аспаз болып жұмыс істейді. Балаларға дәмді тағамдар мен түрлі шырлар дайындайды.

Ауылға баруға асығып тұрамын.

Ауыл деген жақсы ғой. Біздің үйде сиыр, жылқы, қойларымыз бар. Олардың балалары да сондай сүйкімді. Ауылға барсаң раха-ат қой, құрт, май жеп, айран, сүт ішесің. Оның бәрі адамға пайдалы дейді, көп ішсең, мықты жігіт болып өресің. Мен мықты болып өрсем, Отанымды қорғайтын сарбаз боламын.

Бізге ағылшын тілін үйретіп жатыр. Биыл балабақшамен қоштаспайтын болдым, әлі бір жылым бар екен.

«Гүлдерді жұлуға болмайды»

Айлин САБИРОВА:

Көктем шықса, отбасымызбен қатты қуанамыз. Күн жылынған соң, сыртқа ойнауға рұқсат етеді. Аулада да, балабақшада да барлық баламен дос болғанды жақсы көремін. Ұрыспау керек. Ойыншыққа таласпау керек.

Жаз мезгілі тіпті ұнайды. Ол кезде менің күндерім өте көңілді өтеді. Күн жадырап, балмұздағымызды же-е-п, аулада ұзақ серуендейміз.

Мен үйдің кенжесі болғандықтан, үйдің еркесімін. Ата-анам қатты еркелеймін. Гүлдерді жақсы көремін, оларды жұлуға болмайды. Өйткені, гүлдердің де жаны болады екен, жұлып алсаң, жылап қалуы мүмкін.

Менен сіз сияқты «өскенде кім боласың?» деп сұрайтындар көп. Мен «Адам боламын» деп жауап беремін. Шынымен жақсы адам болғым келеді!